

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 1278 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.**

2) "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1107 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 518-құжат):

3-тармақтың 1), 2) тармақшалары алынып тасталсын;
4-тармақ алынып тасталсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1106 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 517-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1108 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 39, 519-құжат).

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 2) тармақшасын және 2-тармақты қоспағанда, осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2007 жылғы 24 желтоқсандағы

N 1278 қаулысына қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2004 жылғы 28 қазандағы
N 1105 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
туралы ереже**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.05.20 № 454 Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК